

Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген  
нормативтік құқықтық актілері

**Байғанин ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 143 шешімі.  
Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 28 наурыздағы № 3-4-161 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 546 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин ауданында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Байғанин аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Байғанин аудандық мәслихатының 2010 жылғы 5 ақпандағы №129 «Тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-94 санымен тіркелген, 2010 жылғы 12 наурызда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі;

2) Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы №64 «Байғанин аудандық мәслихатының 2010 жылғы 5 ақпандағы №129 «Тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5418 санымен тіркелген, 2017 жылғы 20 сәуірде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі.

3. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет–ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы**

**К. Табынбаева**

**Байғанин аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**

**Б. Турлыбаев**

Байғанин ауданында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

Р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3
7.	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10